www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
№48 /sársenbi/ 29 qaraşa 2023 ж.

Анонс!

6 - бетте
Қазақтың ДАРА ҰЛЫ ӨМІРДЕН ӨТТІ...

## ДАРБАЗА – МАҚТААРАЛ ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысында ұзындығы 152 км болатын Дарбаза – Мақтаарал жаңа теміржол желісінің құрылысы басталды. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов телекөпір режимінде жұмыстарды ресми түрде бастап берді. Маңызды іс-шараға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, теміржол саласының өкілдері қатысты.

Ірі инфрақұрылымдық жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша іске асып жатыр және республиканың көлік-транзиттік әлеуетін одан әрі дамытуға бағытталған. Оның аясында қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасы арқылы жаңа өткізу бекеті ашылады.

Жалпы жыл басынан бері Қазақстан мен Өзбекстан арасында жүк тасымалының көлемі 25,8 млн тоннаны құрады. Негізгі жүк ағыны бүгінде өткізу мүмкіндіктерін толығымен пайдаланып отырған «Сарыағаш» мемлекетаралық торап станциясы арқылы өтеді.

Жаңа т/ж желісін салу қолданыстағы Сарыағаш — Ташкент учаскесінен жүктерді жаңа тармаққа қайта бағдарлауға, «Сарыағаш» станциясының жүктемесін азайтуға және жалпы Өзбекстан бағытында экспорттық тасымалдарды ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа жоба Түркістан облысының республиканың негізгі теміржол желісімен қосылуы есебінен оның дамуына ықпал ететін болады.




Премьер-Министр өз сөзінде бүгін Қазақстанда тағы бір маңызды оқиға болып жатқанын атап өтті.

«Теміржол — мемлекетіміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінің дамуын қамтамасыз ететін болат артериялар. Өткен жылы теміржолдармен Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы ең жоғары жүк көлемі тасымалданып, ол 245 млрд тонна-километрді құрады. Мұндай қарқындар геосаяси жағдайларға және инфрақұрылымдық шектеулерге қарамастан биыл да сақталып отыр», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша осы жылдың соңына дейін Өзбекстанның қатысуымен жүктерді тасымалдау көлемі шамамен 31 млн тоннаны құрайды деп болжануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 16%-ға артық.

«Осы учаскенің өткізу қабілетін кеңейту, сондай-ақ еліміздің экспорттық және транзиттік әлеуетін арттыру үшін ірі теміржол жобасы — Дарбаза — Мақтаарал жаңа теміржол желісін салуды бастаймыз», деді Премьер-Министр.

Жоба екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең «Сырдария» станциясына шығатын збекстанның мемлекеттік шекарасы — Ердаут — Мақтаарал желісін салуды көздейді.

Екінші кезеңде Жетісай — Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы тармағын пайдалануға беру көзделген. Барлығы 152 км теміржол төсемі салынады. Жоба үшін 19,7 мың тонна рельс, сондай-ақ 280 мың темірбетон шпал мен рельс бекіткіш сатып алу жоспарланып отыр. Жаңа теміржол құрылысы 3 400 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Жобадағы қазақстандық қамту үлесі 85%-ды құрайды.

Теміржол төсемінің бірінші буынын төсегеннен кейін Премьер-Министр рәсімге қатысушыларды жұмыстың басталуымен құттықтап, жобаны белгіленген мерзімде сапалы түрде іске асыру қажеттігін атап өтті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов Дарбаза — Мақтаарал желісі Түркістан облысының шалғайда орналасқан Мақтаарал және Жетісай аудандарын Қазақстанның қалған бөлігімен байланыстыратынын атап өтті.

«9 станция салынады. Бұл теміржол Қазақстаннан осы аудандарға және сол аудандардан Қазақстанға жүктердің тікелей жіберілуін қамтамасыз етеді. Себебі қазір олар збекстанмен шекарадан өтуге мәжбүр. Бұл осы аудандардың дамуына әсер етеді. Құрылыстан кейін олар жаңа серпін алады», деді ол.

Қанат Әлмағамбетовтың айтуынша, Қазақстанның транзиттік әлеуеті де айтарлықтай артпақ.

«Ауғанстан, Иран, Тәжікстан және збекстанға келетін жүктер осы жолмен тезірек өтеді. Оған қоса Сарыағаш — Ташкент учаскесіндегі кептеліс азаяды. Соңғы жылдары жүк көлемі көп болды. Осы орайда олардың біразы уақытында берілмей жатады, себебі бұл буын мұндай жүк көлеміне арналмаған. Соңғы екі-үш жылда жүктеме күрт өскен. Құрылыс осы негізгі учаскенің жүктемесін азайтуға және жолаушылар пойыздарын басқаруға көмектеседі», деді Қ. Әлмағамбетов.

Сонымен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары қазіргі уақытта Пәкістан арқылы Үндістанға теміржол құрылысы талқыланып жатқанын мәлімдеді. Дарбаза-Мақтаарал желісін іске қосу Қазақстанның осы стратегиялық бағытты дамытуға қосқан елеулі үлесі болмақ.

«Біз жүк ағыны қосымша 10-14 млн тоннаға артады деп болжап отырмыз. Ал болашақта 20-25 млн тоннаға дейін өсуі мүмкін. Бұл учаске Ташкент торабын айналып өтіп, жүктерді екі бағытта да тезірек тасымалдайтын болады», деп түйіндеді Қанат Әлмағамбетов.

Айта кету керек, Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетін одан әрі көркейту аясында Үкімет теміржол инфрақұрылымын дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, Достық — Мойынты учаскесінде екінші жол және Алматы айналма жаңа теміржол құрылысы жүріп жатыр. Жақын арада Қытаймен үшінші халықаралық торапқа шығатын Бақты — Аягөз жаңа т/ж желісі бойынша жұмыстарды бастау жоспарланып отыр. Барлығы үш жыл ішінде республикада 1 300 шақырымнан астам теміржол салынады.

## 10 МЫҢ ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ АВТОЖОЛ САЛЫНЫП, ЖӨНДЕЛЕДІ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында автожол саласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар қаралды.

Көлік министрі Марат Қарабаев биыл құрылыс-монтаждау жұмыстарымен 10,7 мың км автомобиль жолдары қамтылғанын, оның ішінде 6,5 мың км республикалық маңызы бар трассалар, 4,2 мың км жергілікті жолдар екенін мәлімдеді. Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша республикалық деңгейде нормативтік жай-күйдегі жолдардың үлесі 92%-ға, жергілікті деңгейде 87%-ға жетеді.

Ірі жобаларға келетін болсақ, бүгінде Үлкен Алматы айналма жолы, Қандыағаш — Мақат және Үшарал — Достық трассалары бойынша жұмыстар аяқталды. Бұл ретте тұрғындардан түскен шағымдарды ескере отырып, күш-жігер 4-5 жылға созылып келе жатқан негізгі жолдарға бағытталған. Бұл Талдықорған — скемен, Қарағанды — Алматы, Мерке — Бурылбайтал, Ақтөбе — Қандыағаш, Атырау — Астрахан автожолдары. Аталған жобалар бойынша елді мекендердегі айналма жолдардан басқа, 923 км-де қозғалыс ашық.

Батыс Қазақстан облысындағы жолдарды күрделі жөндеу жобаларына ерекше назар аударылады. Олардың ішінде Казталовка — Жәнібек және Өнеге — Бисен — Сайхин бар. Қазіргі уақытта 220 км бойынша көлікпен жүруге болады. Жобалар толығымен 2024 жылы аяқталады деп күтілуде.

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов және Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахым жөндеу жұмыстарын жүргізу және жергілікті жолдардың сапасын арттыру шаралары туралы баяндама жасады.



Премьер-Министрдің айтуынша, күре жолдарды дамыту экономиканың өсу динамикасына оң әсерін береді. Күре жолдардың кең таралған желісі ішкі және сыртқы сауданы дамытуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан толыққанды көлік-логистикалық хабқа айналуы тиіс. Мемлекет басшысы біздің алдымызға осындай міндет қойып отыр. Ол үшін автомобиль жолдарының құрылысы, жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту және қызмет көрсету жобаларын іске асыруды жандандыру қажет», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының сөзінше, 2025 жылдың соңына дейін 3,6 мың км жолды күрделі жөндеуді аяқтау жоспарланып отыр. Содан кейін ұзындығы 4,7 мың км болатын жаңа жобаларды іске асыру басталады.

«Осылайша, 2030 жылға дейін барлық халықаралық автомобиль дәлізін жаңғырту жұмыстары аяқталатын болады. Басты мәселе — жол құрылысының сапасын қамтамасыз ету», – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы жол сапасының нашарлығы тұрғындардың наразылығына себепші болып отырғанын айтты. Әсіресе, сапасыз жөндеу жұмыстарына қатысты айтылып жатқан сын көп. Тек осы жылдың өзінде мемлекеттік органдарға автомобиль жолдарына қатысты 19 мыңнан астам арыз-шағым келіп түсті.

«Мысалы, жол азабын тартқан Қостанай облысының тұрғындары "Ұзынкөл" станциясы мен Троебратское ауылы арасындағы әбден тозып біткен жолға қатысты ұжымдық хат жазған. Бұл жол осы өңірді көршілес Солтүстік Қазақстан облысымен байланыстырады және Ресейге қарай транзиттік жол болып табылады. Биыл Ақтөбе облысының "Жұрын" станциясы мен Орқаш ауылы арасында қиыршық тас төселмеген сапасыз жол салынған. Тараз қаласының тұрғындары Қарасу шағын ауданында 1 жылдан астам уақыт бойы бітпей жатқан жол жөндеу жұмыстарын аяқтауды талап етіп келеді. Мұндай мысалдар барлық өңірде көптеп кездеседі», – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы жергілікті жолдардың сапасына сараптама жасау жұмыстарын да дұрыс жүргізе алмай отырғанын айтты. Бұл ретте кейбір өңірлер құрылыс-монтаждау жұмыстарын техникалық қадағалау тарапынан бақылаусыз жүргізеді.

# ДЕКЛАРАЦИЯЛАУДЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ




Жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі басталады. Бұл туралы Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшысы Мейрамбек Көкенов мәлімдеді.

Оның айтуынша, ҚР Заңына сәйкес салық Кодексінде жалпыға бірдей декларациялауды төрт кезеңмен жүзеге асыру қарастырылған.

- 2021 жылдан бастап жалпыға бірдей декларациялау кезеңі басталған болатын. Бүгінгі күнге дейін екі кезең аяқталып, Түркістан облысынан 300 мыңға жуық салық төлеуші жалпыға бірдей декларациялаудан өткен. 2024 жылдан бастап үшінші кезең басталғалы тұр. Үшінші кезеңде заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары және олардың жұбайлары, дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары декларациялаудан өтуге міндеттелген. Ал қорытынды төртінші кезеңде, 2025 жылы азаматтардың қалған санаттары, яғни елдің барлық 18 жасқа толған ересек халқы декларация тапсырады. Декларацияны тапсыру мерзімдері - қағаз түрінде тапсырылған жағдайда әр жылдың 15 шілдесінен кешіктірілмей, электрондық түрде тапсырылған жағдайда — әр жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей тұрғылықты жері бойынша тапсырылады. Егерде осы мерзім аралығында тапсырмаған жағдайда 15 айлық әкімшілік айыппұл қарастырылған,- деді департамент басшысы.

Декларацияны тапсыруда салық төлеушілерге барлық жағдай жасалған. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны электронды түрде салық төлеушілер кабинеті «cabinet.salyk.kz», «Электронды үкімет» порталы «egov.kz» және мобильдік қосымшалар «eSalykmobil» және «eGovmobile» арқылы тапсыруға болады.

# АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУҒА ҚОСЫМША 30 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

ҚР Үкіметі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсету үшін резервтен 30 млрд теңге бөлді. Премьер-Министр Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды. Бұл шара мал өсірушілер алдындағы субсидиялар бойынша берешекті өтеуге мүмкіндік береді, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Құжатта Ауыл шаруашылығы министрлігіне Абай, Жетісу, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, өнімділік пен өнім сапасын арттыруды субсидиялауға нысаналы трансферттер түрінде 30 млрд теңге бөлу туралы жазылған. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігіне ең көп қаражат — 7,8 млрд теңге бөлінді. Жамбыл облысына 5 млрд теңге, ШҚО-ға 4,5 млрд теңге, БҚО мал өсірушілеріне 1 млрд теңге бағытталды.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне қажетті шараларды қабылдау, ал Қаржы министрлігіне бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау тапсырылды.

Жалпы биыл агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға Үкімет барлық көздерден 494 млрд теңге бөлді. Жақын арада инвестициялық субсидиялауға және несиелер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қосымша 30 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр.

**Primeminister.kz.**

# СУ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ АРТАДЫ

Келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап су саласы қызметкерлерінің еңбекақысы орта есеппен 25%-ға ұлғаяды. Су ресурстары және ирригация министрлігі тиісті шараларды әзірлеп жатыр, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.



Бұдан бөлек, Қазақстанның әр өңірінде су ресурстарын бөлу және оны пайдалануды бақылау мәселелерімен айналысатын бөлімдер пайда болады.

«Су саласында қызмет етудің тартымдылығын арттыру қажет, еңбекақыны көтеру — осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі. Әрине, жұмыс істеп жүрген кадрларды салада ұстап қалып қана қоймай, уақыт талабына сай мамандардың жаңа толқынын дайындау да маңызды. Министрлік тиісті ұсыныстар енгізу бойынша жұмыс істеп жатыр», - деді ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

# ПОЛЬШАЛЫҚТАР ШАРДАРАДА БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУҒА НИЕТТІ



Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды балық шаруашылығын дамыту бағытында инвестиция тарту жұмыстарын күшейтіп, жүйелі жолға қоюды міндеттеген болатын. Осы ретте Шардара ауданының әкімі Арман Қарсыбаев Польша елінің «BG Production» балық шаруашылығымен айналысатын компания өкілдерімен кездесті. Олар балық өсіру, балық пен құсқа арналған жем шығару кешені жобасын іске асыруға ниетті.

Оның ішінде ақсерке (лосось) балығын өсіруді жоспарлауда. Компания алдағы 4 айда балық өсіру кешені құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеп, жобаны іске асыруға арналған барлық құжаттамаларды рәсімдеуді көздеп отыр. Аталмыш компания балық өнімдерін еуропадағы ең ірі экспорттаушы кәсіпорындардың бірі саналады.

Аудан әкімі инвесторларға ауданның балық шаруашылығымен айналысуға мүмкіндігі жоғары екендігін айтып, алдағы уақытта бұл бағыттағы жобаларға қолдау білдіретіндігін жеткізді. Сондай-ақ салаға жауапты мамандар инвесторларға ауданның балық өңдеп, өсіретін кәсіпорындарын аралатып, мүмкіндіктер және жобалармен таныстырды.

# МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА МЕТАН ГАЗЫМЕН ЖҮРЕТІН КӨЛІК САНЫ АРТАДЫ

Маңғыстау облысының көліктік-логистикалық мүмкіншілігін толығымен пайдалану бағытында орталық мемлекеттік органдармен және Үкіметпен бірігіп қызмет атқарылып жатыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндама жасаған өңір басшысы Нұрлан Ноғаев мәлім етті.

Атап айтқанда, Ақтау және Құрық порттарын кеңейту, контейнерлік, сұйық және басқа да жүктерді жөнелту әлеуетін арттыру және қажет материалдық-техникалық базаны жетілдіру мәселелеріне ден қойылып отыр.

«Күні кеше Ақтау портынан Бакуге мұнай таситын екі танкерді іске қостық. Бұл да өз кезегінде артылатын жүктің көлемін арттыруға мүмкіншілік береді», — деді Нұрлан Ноғаев.

Автомобиль жолдары өңір экономикасына тың серпін беретін маңызды сала екенін атап көрсеткен әкім биыл 250 шақырымды қамтитын 15 жобаның жұмыстары жалғасын тапқанын жеткізді. Оның айтуынша, жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарының жағдайы қазір 95% құрайды.

«Қазір Үкімет, Көлік министрлігі «Бейнеу-Шалқар» жолын салу жөніндегі жұмыстармен айналысып жатыр. Техника-экономикалық негіздемесі жасақталып жатыр. Ол жол Бейнеу ауданындағы 3 елді мекеннің жанынан өтеді. Бұл сол елді мекен тұрғындарына кәсібін ашуға үлкен ықпал етеді», — деп атап көрсетті облыс басшысы.

Нұрлан Ноғаев тұрғындар тарапынан сынға ұшыраған қоғамдық көлік мәселесіне де тоқталды. Көбінесе көліктің жетіспеушілігіне немесе көліктің сапасына қатысты сын айтылғанын жеткізді. Бұл мәселені шешу мақсатында 140 автобус сатып алу жоспарланған.

«Қазіргі таңда 54-і келіп отыр. 140-тың 120-сы метан отынын пайдаланатын автобустар болады. Бұл дизель отынына немесе бензинге қарағанда бағасы әлдеқайда және экологияға әсері өте төмен болады. Алдағы уақытта Жаңаөзен қаласында, Маңғыстау ауданында, басқа да қажет жерлерде қойып, облыста метан газымен жүретін көліктің санын арттыруға ықпал етеміз. Және де коммуналдық меншіктегі техникаларды метанға ауыстыру жөніндегі мәселелермен айналысып жатырмыз», — деді спикер.

Ол жылдың аяғына дейін 120 автобус іске қосылып, Ақтау қаласындағы, Мұнайлы ауданындағы жолаушыларды тасымалдау мәселесі оңтайлы шешілетінін айтты. Сонымен бірге, Жаңаөзен, Форт Шевченко, басқа аудан орталықтарына, қалаларға маршруттар ұйымдастыру жоспарланған. Кәсіпкерлер дайын, олардың шығындарын бөлісетін субсидиялау мәселесі де назарда екенін жеткізді.

# СҮЙЕКТІ ЖЕМІС ДАҚЫЛДАРЫ ҚЫТАЙҒА ЭКСПОРТТАЛАДЫ



Қытайдың Бас кеден басқармасы Қазақстаннан сүйекті жеміс дақылдарын сатып алуға дайын, деп хабарлайды ҚР Сауда және интеграция министрлігі.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ҚХР ГТУ-мен Астанадағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің 11-ші отырысы аясында тиісті Хаттамаға қол қойды.

Жаңа піскен сүйекті жеміс дақылдарын экспорттық партияларына қойылатын фитосанитариялық талаптар жөніндегі хаттамада экспорт үшін қазақстандық жаңа тас жемістерінің (шабдалы мен өрікті қоса алғанда) барлық қолданылатын қытайлық фитосанитариялық заңдар мен нормативтік актілерге, денсаулық пен қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келуі және құрамында карантиндік зиянкестер болмауы және топырақпен араласпауы тиіс делінген.

Қытайға сүйекті жеміс дақылдарын экспорттағысы келетін барлық жеміс-жидек бақтары мен буып-түю кәсіпорындары ҚР АШМ тіркеліп, ҚР АШМ және ҚХР ГТУ да мақұлдануы тиіс.

Буып-түйілген сүйекті жеміс дақылдарын тек сүйекті жемістер бар камерада сақтау керек. Әрбір қорапта жеміс атауы, экспорттаушы ел, өндіру орны, бақшаның атауы немесе коды және орау орны көрсетілген қытай немесе ағылшын тілінде таңбалануы керек. Әрбір қорап пен паллет қытай немесе ағылшын тіліндегі келесі мәтінмен белгіленуі керек: «Қытай Халық Республикасына экспортталады».

Қазақстандық сүйекті жеміс дақылдарын әкету порттары ҚХР ГТУ жеміс әкелуге рұқсат берген барлық қытай порттары мен әуежайлары болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда бидай, зығыр тұқымы, арпа, жоңышқа, жүгері, бал, жүн, сүт өнімдері, сиыр еті, қой және шошқа еті және т.б. қоса алғанда, өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің 23 түрін экспорттау бойынша Қытаймен қол қойылған хаттамалар бар.

Бетті жинақтап дайындаған: Арайлым ӘБСАФАТ.

## БАСПАНАСЫ ҚИРАҒАН ҚАРИЯҒА ҮЙ САЛЫНАДЫ

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков осыдан біраз күн бұрын көріз коллекторында орын алған апаттан баспанасы қирау алдында тұрған Людмила Панкратованың үйіне барды. Қиын жағдайда қалған қарияның жағдайын сұрап, қажетті көмектер көрсетілетінін жеткізді.

Апат Қамысты көшесіндегі 60 жылдан бері қолданыста болған «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-не тиесілі көріз коллекторында орын алған болатын. Аумақта авариялық жағдайды жою мақсатында шұғыл түрде кешенді жұмыстар ұйымдастырылды. Қазір коллекторды жөндеу жұмыстары жалғасуда. Бүгінде комиссиялық тәртіппен мүліктер қалпына келтірілуде.

Қала әкімі Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысына «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС өкілдерімен бірлесіп, заңнамаға сәйкес құбырдың жарылу себебіне талдау жасап, өзекті мәселелерді шешуді, суағар жүйелерін жүргізуді тапсырды. Ал аудан әкіміне апат салдарынан зақым келген Людмила Панкратованың үйін бұзу, қайта салу жұмыстарын, уақытша жалдамалы пәтер ақысының төленуін қадағалау бойынша нақты тапсырма берді.

## ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚТАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков «Тассай» индустриалды аймағында болып, өнеркәсіптік аймақта атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.



«Тассай» — Шымкенттегі қазір жұмыс істеп тұрған 5 өнеркәсіптік аймақтың бірі. 2016 жылы негізі қаланған индустриалды аймақтың аумағы 89 гектарды құрайды. Онда бүгінде 43 инвестициялық жоба сәтті жүзеге асырылып, кәсіпорындар жұмыс істеп тұр.

«Тассай» индустриалды аймағының аумағын инженерлік-инфрақұрылым желілерімен қамту бойынша ІІ кезеңнің құрылысы жүріп жатыр. Атап айтқанда, су, электр, көріз, газ жүйелері тартылып, жаңадан пайда болатын кәсіпорындарға қолайлы жағдай жасалуда. індірістік кестеге сәйкес ІІ кезеңдегі құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады.

Қала әкімі аталған өнеркәсіптік аймаққа барып, құрылыс барысын қадағалады. Шаһар басшысы жауаптыларға инвесторлардың жер телімдерін тиімді пайдалануын қадағалауды тапсырды. Тиісті сала басшыларына жұмыс сапасына және құрылыс кезінде бұзылған жолдарды ретке келтіруге қатысты бірқатар тапсырма жүктеді.

Айта кетейік, жыл соңына дейін «Тассай» индустриалды аймағында 6 инвестициялы жоба жүзеге асып, жаңа кәсіпорындар іске қосылады. Бұл жобалар 150-ге жуық адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков аймақтағы бірқатар кәсіпорындардың өзекті мәселелерінің шешімін қарастырды.

«Asia Trafo» — отандық «Alageum Electric» электр машина жасау саласындағы жетекші өндіруші құрамына кіретін, Орталық Азиядағы кернеуі 110, 220, 500 кВ қуаты 500 МВА дейінгі трансформаторлық жабдықтар шығаратын ең ірі зауыт. 2019 жылы іске қосылған кәсіпорын 12 га аумақта орналасқан. Бүгінде 250 адамды жұмыспен қамтуда.

Зауыт негізінен, автотрансформаторларды, күштік май трансформаторларын, сондай-ақ қуаты 500 МВА дейінгі кернеуі 110, 220, 500 кВ реакторларды шығарады. Жобалық қуаты жылына 120 дана жоғары кернеулі трансформаторлар өндіреді.

Зауыт өнімдеріне тек ішкі нарықта ғана емес, бүгінде шет елдерден де сұраныс бар.

Ал "Stroi Construction" ЖШС металл конструкцияларымен қатар, металл жарықтандыру тіректерін шығарумен айналысады. Биыл іске қосылған компания қазір жарықтандыру құрылғыларын еліміздің барлық аймағына жеткізуде.

Кәсіпорындардың жұмысымен танысқан қала басшысы жауаптыларға бизнес өкілдеріне жаңа желілерді қосуда, экспортты ұлғайтуда мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау көрсетуді тапсырды.

Қала басшысының индустриалды аймағын аралау барысында «Эко фарм», «Alem Luxury» және «Mega Smart» кәсіпорындарының жұмыстарымен танысты.

«Эко фарм» ЖШС компаниясының негізгі бағыты — дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру, фармацевтикалық қызметтер. Компания 1995 жылы құрылған, ал аталған индустриалды аймақта өткен жылы ашылды. Жобаға салынған инвестицияның жалпы құны 1,925 млрд теңгені құрап, 40 жұмыс орны қамтылған. Компанияның Шымкент, Қызылорда, Тараз, Ақтөбе қалаларында 4 дәріхана қоймасы, 30 дәріханадан тұратын желісі бар. Кәсіпорындағы «Ecotex» тігін өндірісі медициналық арнайы киімдерді шығарады. «Эко фарм» ЖШС «Avatube» сауда белгісі мен «ЭкоФарм Интернейшнл» және «Marai E7 Group» отандық өнімдерінің ресми дистрибьюторы болып есептеледі.

Сондай-ақ, «Alem Luxury» ЖШС кәсіпорны «Тассай» индустриалды аймағында биыл іске қосылды. Жиһаз өндіретін кәсіпорынның инвестиция көлемі — 500 млн теңге, 30 жұмыс орны құрылған. Компания шкаф жиһазына маманданған. Негізгі бағыты үйге арналған жиһаздың барлық түрін қамтиды. німдер жоғары сапалы материалдардан жасалады. Жылына 5 000 өнім шығаруға қауқары бар.

«Mega Smart» ЖШС кәсіпорны аталған аймақта 2016 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Инвестиция көлемі 545 млн теңгені құрайды. МДФ жылтыр плиталары мен жиһаз шығаратын зауытта 50 жұмыс орны қамтылған. німдер бірегей болып есептеледі, өйткені елімізде баламасы жоқ Оңтүстік Кореяның технологиясы қолданылады. Сонымен қатар, мұнда жиһаз өндіретін цех салынды. Цехтың жобалық қуаты жылына 5000-нан асады. Бұл Оңтүстік Кореядан импортталатын тәуелділікті жоюға мүмкіндік береді. Ягни, жылтыр плиталардың ішкі нарықта айналым көрсеткіші 90 пайызға жетті. Бүгінде көрші елдерге экспорттау пысықталуда. Сондай-ақ компания өткен жылы жиһаз фабрикасын іске қосты. Жобаның құны — 750 млн теңге, жылына 120 мың жиһаз шығарады, 50 адам жұмыс істейді. Кәсіпорынның Алматы, Қызылорда, Қостанай және Павлодар қалаларында өкілдігі бар. Алдағы уақытта елімізде 16 өкілдік құру жоспарланып отыр. Кәсіпорындардың жай-күйімен танысқан қала басшысы отандық компанияларға мемлекет тарапынан қолдау жалғасатынын жеткізді. Осы орайда жауаптыларға «Эко фарм» компаниясын тігіншілермен қамтамасыз ету мақсатында № 5 тігін училищесінің студенттерін тарту бойынша тапсырма берді.

## «ЖАРЫҚ» ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ БИЫЛ БІТЕДІ

Қала әкімі жауаптылармен бірге Бозарық шағын ауданындағы «Жарық» тұрғын үй кешенінің құрылысымен танысып, бірқатар өзекті мәселенің шешімін қарастырды. Бұл аумақта 5 қабатты 3 тұрғын үй салынған. Алайда жер телімінің құжаттарына байланысты инфрақұрылым жүйелері тартылмай отыр. Жол мәселесі де өзекті.

Осындай түйткілді мәселелерді ескерген қала әкімі тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырма берді. Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысына тұрғын үй кешенінің жер телімін заңдастыру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ үйлерді табиғи газбен, ауыз су және көріз жүйелерімен қамту бойынша Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысына нақты тапсырмалар жүктелді. Бұл аралықта Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қызметкерлері шағал тас төсеу жұмыстарын ұйымдастыруға кіріседі.

Халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында берілген тапсырмаларды орындауға нақты мерзімдер бекітілді. Тұрғын үй кешенін жыл соңына дейін тиісті азаматтарға тапсыру жоспарлануда.

## ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫ ҚАЖЕТ

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков өмірлік қиын жағдайға түскен адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығына барып, жұмысымен танысты. Мұнда тұрғылықты жері, жеке басын куәләндыратын құжаттары жоқ, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметі есебінде тұратын адамдар қабылданады. Оларға 7 бағыт бойынша әлеуметтік көмектер көрсетіледі.

1983 жылы салынған орталықтың ғимараты 160 орынға арналған. 2006-2007 жылдары ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылу жүйесі мен шатыры ауыстырылған. Қазір жеке тұлғаға тиесілі жер телімін мемлекет қажеттілігіне алып, қосымша 50 орындық 2 қабатты заманауи ғимарат құрылысын жүргізу көзделуде. Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастар басқармасына жер телімін мемлекет мұқтаждығына алу үшін ұсыныс хаттар жолданған.

Қала әкімі аталған басқарманың басшысына орталық аумағындағы 0,0535 га жер телімінің легализациясымен жеке тұлғаға заңдастырылу мәселесін зерделеп, шұғыл ретке келтіруді тапсырды. Ал сала басшысына әлеуметтік бейімдеу орталығы ғимаратына күрделі жөндеуден өткізу және қосымша ғимарат салу үшін зерделеу жұмыстарын жүргізу бойынша тапсырма берді.

## ОМАРТА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Шымкентте 60-тан астам шаруа омарта (бал ара) шаруашылығымен айналысады. Мемлекеттік қолдаудың арқасында бұл сала да қарқынды дамып келеді.



Шымкенттік Олжас Сырлыбаев омарташылықты осыдан 6 жыл бұрын бастаған. Бал ара шаруашылығының аясын кеңейтуді мақсат еткен шаруа көпбалалы отбасы санаты бойынша мемлекеттен қайтарымсыз грантқа өтініш берген. Олжас Сырлыбаев қаражатқа шаруашылыққа қажетті құрал-саймандар сатып алғанын жеткізді. Нәтижесінде кәсіп иесінің жылдық табысы 9 миллион теңгеге жеткен.

Адал еңбегімен шаруашылығын өрге дөңгелеткен отағасы мамыр айынан бастап қоңыр күзге дейін бал араларының ұясын алып, табиғат аясына кетеді. Қазіргі таңда 80 омартасы бар. Көбіне карника арасын асырайды.

—Бал арасы өзі мамыр, аққурай, жантақ, мақта балы болып бөлінеді. Әрқайсысының өзіндік пайдалы әрі емдік қасиеттері бар. Жантақ суыққа, мақта тыныс алу жолдарына, аққурай иммунитетті көтеруге жақсы болса, «майский» балы көктемде шайқалатын болғандықтан дәрумендерге бай келеді. Табиғи өнімге сұраныс өте көп. Көтерме бағамен сатып алушылар жиі хабарласады. Бірақ, өзім асықпай сатуды жөн көремін, — дейді омарташы Олжас Сырлыбаев.

Кәсіп иесі балдан басқа гүл тозаңын сатумен және ара шаруашылығымен айналасқысы келетіндерге кәсіптің қыр-сырын үйретіп те табыс табады. «Ниет пен икем болса, еңбек түбі — береке» дейді ол. Жалпы, Шымкент қаласы бойынша биыл 452 азамат қайтарымсыз грант алды. Халықты жұмыспен қамтуда шағын бизнесті дамытуға бағытталған мемлекеттік қайтарымсыз гранттың септігі орасан.

Бетті жинақтаған: Салтанат ТОЙБОЛОВА

# Қазақтың ДАРА ҰЛЫ ӨМІРДЕН ӨТТІ...



***Қадірлі әлеумет!***

мірінің 80 жасына қараган шагында Амангелді Молдагазыұлы Төлеев көз жұмды. Бұл — жай гана есім емес екенін бәріміз де білеміз. Ресей саясатындагы аса беделді тұлгалардың бірі, тұтас бір дәуірдің иесі. Ол — бүкіл ел ереуілге шыгып, жарылыс орнаган кезде аймақты қабылдап алып, оны Ресейдегі ең қуатты өңірлердің біріне айналдырган Кузбасс губернаторы болды.

Бұл — жұртты тыгырықтан құтқару үшін қара басын бірнеше мәрте қатерге тіккен үлкен қажыр-қайраты бар адам. Ол іскерлігімен елдегі ең үздік әлеуметтік қоргаудың бірегей жүйесін құра алды.

Біз Амангелді Молдагазыұлының жерлестерінің проблемаларына, қайгысы мен қасіретіне қалай қарайтынын естідік, көрдік. Жарықтық олардың қасіретін өзінікі сияқты басынан қатар кешірді! Олардың жан-жаралары оның жүрегіне шаншудай қадалды. Кузбасстың қаншама тұргындары Аман Ғұмырұлының қиындықтан арашалаган көмегі мен қолдауы үшін әлі күнге дейін шынайы ризашылықтарын білдіреді! Облыста жеке өзінің және тікелей басшылыгымен атқарылган қыруар жұмысы үшін дән риза. йткені жақсылық ешқашан ұмытылмайды! Әсіресе, нақты ардагерге, балага, студенттерге жеткен қарапайым «атаулы» көмектің мәні зор.

Жүректе өшпей сақталу — ең жогаргы құрмет.

Амангелді Молдагазыұлының өзінің соңгы сагатына дейін Ресейдің шынайы, адал патриоты болып қала білді. Айбынды да құдіретті тұлга. Қай кезде де қуанышта болсын, қасіретте болсын ол әрдайым өз елімен бірге болды. Оңтүстік өңіріндегі Шардараның қасиетті қорымында жерленген әкесінің басына барып, Құран багыштап халқына ас беріп кетіп еді. Қара жер қашан да Төлеев сияқты адалжүректі адамдардың арқасында аман тұр.

Марқұм өзінің бір сұхбатында тарихи Отанына деген сагынышы мен құрметін жеткізе отырып: «Әттең, омыртқага жасалган күрделі отадан кейін, балдаққа таңылып қалдым гой. Тезірек аяққа тұрып, ел-жұртыма балдақсыз, еңсемді түсірмей, кәдімгі Амангелді Молдагазыұлы болып баруым керек! зіммен бірге немерелерімді де ала барып, Маңгыстаудагы Бекет атамыздың басына зиярат етіп қайтсақ деген ниетім бар!» деп айтқан еді. Оның бұл сапарын ұйымдастыруды Дүниежүзі қазақтарының Қауымдастыгы өз мойнына алган болатын. Әттең, сол ниетке жете алмай қалдық...

Осынау ауыр сәтте біз Амангелді Молдагазыұлының жұбайы Эльвира Федоровна мен жалгыз ұлынан өрбіген үш немересіне көңіл айтамыз. Қиын шақта біз сіздермен біргеміз! Қазақ халқының аяулы перзенттерінің бірі Аман агамыздың арты қайырлы болып, алдынан жарылқасын. Иман байлыгын берсін!

**Зауытбек ТҰРЫСБЕКОВ,**
*Дүниежүзі қазақтар Қауымдастыгы Төрагасының бірінші орынбасары*

# ӘКЕМНІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІНЕН...

Менің әкем теуіл Қабылұлы қазіргі Сарыагаш ауданы, Бақабұлақ деген ауылда 1909 жылы ауқатты отбасында дүниеге келіп, бес жасынан бастап ауыл молдасынан хат таныган.

Кеңес үкіметі орнаган соң ата-ана, туган туыстарының мал-мүлкін тартып алып, бәрін бай кулак деп збекстанга жер аударыпты. «Бөке деген жер еді», деп отыратын. збектер оларды жұмыстарын істетіп, аш қалдырмаган.

Сол кезде оба ауруы шыгып, ата-ана, туган-туыстарының барлыгы қайтыс болып, жалгыз қалыпты. Жалгыз қалган баланы Қалданбай деген бір жақсы адам әкемнің төрт жасын кішірейтіп Ташкенттегі балалар үйіне кіргізген екен.

Бұрын арабша сауаты бар бала, мектепте өте зерек оқушы болыпты, жақсы оқыган баланы мұгалімдер де тәрбиешілер де жақсы көріпті. Тәрбиешілер әкемді кәсіподақтың басшысы етіп сайлап, барлық қогамдық жұмыстарга араласып, белсенділік танытып отырган,
Сол жылдары қазақ жерінде ашаршылық басталган екен. зі айтып отыратын әңгімелерінен: бірде көшеге шықсам ауылда қалган таныс кісілерді көрдім, мойындарында дорба асынып алып, қайыр сұрап жүр екен. Аштықтан беттері ісіп кеткен, аяқтарын зорга басып жүр. Сол күннен бастап кезекші болып, картоп аршыган балалардың қасында тұрып, 2-3 бөлке нанды ұрлап шелекке салып, оның үстіне картоп пен пиязды салып, бетін жаман қабықтармен жауып, далага шыгарып, туыстарыма беретін болдым. Бірінші күндері 3-4 адам болса, бірте-бірте көбейе берді. Басқа қазақ балаларын ұйымдастырып, аш қалган жерлестерімізге көмектесе бастадық. Аспазшының көмекшісі ыдыс-аяқ жуатын қазақ әйелі өте иманды, маган көмектесіп жүрді. Осылай 30-40 адамның өмірін аштықтан сақтап қалдық деп отыратын.

Ол кісілердің көбісін біз көрдік. Олардың ішінде Тастан ата, Тастанбек, Балықбай, Тәжі, Әкімбай, тагы басқалары үнемі біздің үйге келіп, сол бір қиын күндерін естеріне алып, әкеме үнемі қолгабыс жасап, үй шаруаларына көмектесіп жүретін еді. Сол кісілердің ұрпақтары әзір өсіп-өніп отыр. Балалықпен сол кісілердің әңгімесін де дұрыс тыңдамаппыз. Әкем өте зерек болып, жақсы оқыпты. Әсіресе, математика сабагына бейім болган екен. Қартайган кезінде де ауылдың мұгалімдері әкеме есептерін әкеліп, шыгартып отыратын. Жақсы оқыган әкемді балалар үйінің директоры РАБ-фаққа түсуге кеңес беріпті. РАБ-фаққа түсіп, оны өте жақсы бітіріп, Мәскеуге оқуга жіберіпті. Ол оқуга бара алмаган, себебі жас кезден көрген қиындық, жетімдік — өкпе ауруына шалдықтырган. кпенің жартысын сол кезде ота жасап, алып тастаган екен. Оқу біткен соң қазіргі Қазыгұрт ауданына келіп, көп жерлерде мектептер салгызыпты.

1941 жылы согыс басталган соң ауданда Райкомда заврайоно болып бастап, түрлі қызметтер атқарган екен. Шарапхана селосында МТС-ты ұйымдастырып, соның директоры болган. Сол аудандагы жазықсыз сотталгандарды Сталиннен көмек сұрап хат жазып, көп адамдардың түрмеден бостандыққа шыгуына септігі тиіпті.

Согыс біткен соң әр жақта шашылып жүрген агайындарын Үшбұлақ елді мекеніне көшіріп әкелген екен. зі айтып отыратын бір әңгімесінде: -Елді жолдың жагасына отыргызгым келді. Агайындарым Елубай, Жолдас үшеуміз шөп тастадық. Үш рет тастаганда да Келес өзенінің аргы беті Үшбұлақтың бас жагы түсті,- деп, айтып отыратын. Содан, Амангелді колхозын ұйымдастырып, өзі басқарыпты. Сол жылдары Жамбыл мектебін салгызган екен.

Анамыз Тойгүл екеуі төрт ұл, екі қыз өсіріп, тәрбиеледі. Ұл-қыздары адал еңбек етіп, өсіп-өнген үлкен әулетке айналды. Екі ұл, бір қызы әке жолын жалгап, мұгалім болды. Үшбұлақтагы өзі салгызган мектепте өмірінің соңына дейін ұстаз болып, жүздеген шәкірт тәрбиеледі.

Балалар үйіне кіру үшін төрт жасын кішірейтіп алганнан зейнетке алпыс төрт жасында шыгып, қосымша істеген төрт жылы ауырлау болып, көбірек ауырып, қиналып жүрді. Соның салдарынан 1973 жылы қазан айында әкем өмірден өтті. Ауыл ақсақалдары әкем қайтыс болганнан кейін әкем тұрган көшеге оның атын берді.

Әкемді еске алганда мына бір оқига күні бүгінге дейін көз алдымнан кетпейді. Хрущевтың: «Ауылдагылар бір сиыр, бес қойдан артық ұстамау керек»,-деген заңы шыққаннан кейін үш-төрт жылқысын базарга сатып келіп, жүгендерін құшақтап, үйдің артында көрінбейтін жерде отырып, еңкілдеп жылап отыр екен. Осы көріністі көріп, жас бала болсам да жүрегім езілді. Осы оқига әлі күнге дейін есіме түссе көзіме жас келеді. Балаларымды қалай оқытамын деп ойлап, қиналды-ау деп ойлаймын.

Ұлы Отан согысына кеткен туыстарын ойлап, көп қамыгатын. Әулетімізден сабаудай жиырма жігіт кетіп, соның біреуі гана аман оралды. Орыстың жерін коргаймын деп өлді гой бәрі. Арттарында ұрпақ та қалмады деп, көзіне жас алып отыратын.

Қайран әкем! Ел деп, жер деп, ұлым-қызым деп, арша етін арша, борша етін борша болып, өмірден бір рахат көрмей өттің-ау!

Әкем көшіріп әкелген ауыл да сол аталарымыздан тараган бір қауым ел осы жерде өсіп-өніп жатыр. -Мына жоталар ұрпақтарымды аш қылмайды,- деп отыратын. Не деген көреген едің деп ойлаймын! Колхоз, совхоздар тарап, елдің бәрі жұмыссыз қалганда қолдарындагы азын-аулақ малдарын сол жоталарга жайып, күн көріп, ауылымыз қиналган жоқ. Шагын гана момын ауыл әкімге де үкіметке де қол жаймай, сүтін сауып, майын шайқап, құртын, қымызын сатып, күн көріп отыр. Ауылга әкем армандаган жол да салынды, су да кірді, газ да бар. “Бізге бұдан артық не керек!”деп,ауыл қариялары тоба етіп отырады.Әкемнің момын туыстары Құдайга да, үкіметке де риза болып, өсіп-өніп, көбейіп жатыр. Аллага шүкіршілік деймін!

**Зияш ТЕУІЛҚЫЗЫ.**

# ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қоргау басқармасына қарасты №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталыгында ұйымдастырылган Ашық есік күнінде отбасында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматшаларга құқықтық және психологиялық көмектер көрсетілді. Шымкент қаласы полиция және Әділет департаменттерінің, қалалық прокуратура, аудан әкімдіктері мен әлеуметтік сала қызметкерлері орталықтың қызмет алушыларына кеңес беріп, ана мен бала құқыгын қоргау бойынша сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуде. Ашық есік күні «Зорлықзомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында өтіп отыр.

